

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министірлігі
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Презентация

Тақырыбы : Тірі адамға сараптама жасау

Қабылдаған:Қайыпжанова Н

Тобы : ЮМ 14-1кЗ

Орындаған :Иманбек А.



Тірі адамға сараптама жасау Қазақстан республикасы «Сот сараптамасы қызметі туралы» заңына сәйкес сот медициналық сараптаманы жүргізу және ұйымдастыру туралы нұсқаулық ережелерінің тармақтарына сәйкес атқарылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасымен көзделген денсаулыққа зиянның медициналық белгілеріне сәйкес сарапшы сот-медициналық сараптама жүргізу кезінде денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын анықтайды.

жарақаттар салынған сәтінде ғана қауіпті болуы мүмкін.



Денсаулыққа келтірілген ауыр зиян мынадай айқын белгілері (өлшемдері):

- 1) адам өміріне қауіптілігі;
- 2) қандай да бір әсерлерден кейінгі салдар бойынша денсаулыққа ауыр зиян келтіретін өмірге қауіпті емес: көрмеу, естімеу, сөйлемеу немесе қандайда бір органнан айырылу, не органның қызметін жоғалту: бет пішіннің қалпына келмейтіндей зақымдануы; денсаулықтың бұзылуы, жалпы еңбекке қабілеттілігінен айтарлықтай тұрақты үштен бірінен айырылуымен біріктірілген (33% және одан жоғары); кәсіби еңбек қабілеттілігінен толық айырылуы; жүктіліктің үзілуі; психикалық бұзылуы (психикалық аурулар), нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен сырқаттанушылық болып табылады.



Өмірге келтірілген қауіпті бағалау кезінде медициналық көмек көрсетумен, өзіне-өзі көмек көрсетумен немесе бір-біріне көмек көрсетумен түсіндірілетін өлімнің алдын алу, сондай-ақ кездейсоқ жағдайларды болдырмау назарға алынбауы тиіс.

- Өмірге қауіпті денсаулыққа келтірілген зияндарға:
- миды зақымдамай бассүйектің тесіп өткен жарақаты;
- бассүйек күмбезінің және бассүйек негізінің ашық және жабық сынуы

3) мидың ауыр дәрежедегі зақымдануы, ми діңі бөлігінің зақымдану симптомдары болса мидың орта дәрежедегі зақымдануы;

- өмірге қауіп төнген жағдайда эпидуралдық, субдуралдық, субарахноидальдық, миішілік және қарыншаішілік қан құйылу;
- омыртқа өзегін тесіп өткен, оның ішінде жұлынды зақымдамаған жарақаттар;



Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын сот-медициналық бағалау сот-тергеу органдары қаулысының негізінде жәбірленушіні медициналық тексеріп-қарау арқылы сот-медицина сарапшысы жүргізеді.

- Денсаулыққа зиянның ауырлығына сот-медициналық сараптама жарақаттанудың сипаты туралы түпкілікті мәліметтерден тұратын құжаттардың толық пакеті болған жағдайда (стационарлық науқастың картасында, амбулаториялық науқастың картасында және басқа) медициналық құжат бойынша жүргізіледі.



Көрсетілген жағдайларда сот-медициналық сарапшы шешімінде денсаулыққа келтірілген зиян дәрежесін анықтауға мүмкіндік бермейтін себептерді көрсетіп, бұл мәселені шешу үшін қандай деректер (медициналық құжаттар, қосымша зерттеулердің нәтижелері және басқалар) керек екендігін көрсетеді, сондай-ақ, қайта зерттеу мерзімін анықтайды.

- Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын анықтау мүмкін еместігі туралы дәйектелген түсіндірме сарапшыны сараптаманы тағайындаған тұлға (орган) қойған басқа сұрақтарды шешу қажеттілігінен босатпайды.



Сарапшының қорытындысы сараптама аяқталғаннан соң кеңсеге тіркеу және сараптама тағайындаған тұлғаға (органға) беру үшін немесе сараптама тағайындаған тұлғаның (органның) жазбаша өкімі бойынша өзге тұлғаға беріледі.

- Медициналық ұйымдардың басшылары мен дәрігерлері сот-медициналық сарапшыға сот-медициналық сараптама жүргізу үшін қажетті зертханалық зерттеулерді жүзеге асыруда клиникалық тексеру, консультациялар жүргізуге көмек көрсетеді.



